

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

2. Васильев, 1896 - Васильев А. «Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние». Оренбург, 1896
3. ГАТО - Государственный архив Томской области.
4. Қамзабекұлы, 1997 - Қамзабекұлы Д. Руханият (Мақалалар мен зерттеулер). -Алматы: Білім, 1997. - 272 б.
5. РГИА – Российский государственный исторический архив
6. Памятная книжка... 1899 - Памятная книжка Тургайской области 1899 года. Издание Тургайского областного статистического комитета. Оренбург, Типо-лито-графия П.Н.Жаринова, 1899
7. ТОВ, 1892 – Тургайские областные ведомости, 1892
8. Тургайская газета, 1897, - Тургайская газета, 1897, №108
9. Тугай, 2018 - Тугай Т.И. Оренбургский путь Ахмета Байтурсынова / Т.И. Тугай.- Оренбург: ООО ИПК «Университет», 2018. -253 с.
10. Султан Хан Аккулы, 2021 - Султан Хан Аккулы. Какую тайну Ахмета Байтурсынулы «Раскрыл» Алихан Букейхан в письме Григорию Потанину? https://www.exclusive.kz/expertiza/kulturnaya_sreda/124081/?fbclid=IwAR2ovWk1tkGYireUb10EEh16d3ntgTrFPN2mh_GX12ZZhoUVgZFMKF0Bdgw#.YHdyjlev1hs.facebook

Мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 2020-2022 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруына ие болған «А. Байтұрсынұлының ауылдық мектептердегі ағартушылық және қоғамдық қызметі (жаңа архивтік деректер мен өлкетанушылық мағлұматтар, тұлғаның тыңнан табылған шығармалары негізінде)» атты Жоба негізінде дайындалды.

АБАЙ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ – ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫ МАҚАЛАСЫНДА

*КЕМЕҢГЕР Қ.Р.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
профессоры, филология ғылымдарының
кандидаты,
Астана, Қазақстан*

Аннотация. В статье исследуется наследие поэта, мыслителя Абая и личность, историческая роль, творческая деятельность просветителя, поэта, ученого А.Байтұрсынулы в работе ученого, педагога Т.Шонанұлы. Статья Т.Шонанұлы была написана к 50 летнему юбилею выдающегося ученого А.Байтұрсынулы. Для всестороннего раскрытия исторической личности юбиляра и близкого соратника, автор цитирует стихи Абая, сравнивая их с творчеством А.Байтұрсынулы. Если Абай является началом новой письменной казахской литературы, то А.Байтұрсынулы – достойный продолжатель реформ в словесном искусстве делает вывод Т.Шонанұлы. Работа была задумана как отдельное исследование. Однако оно не было закончено как планировалось.

Abstract. The article examines the legacy of the poet, thinker Abai and the historical role, creative activity of the educator, poet, scientist A.Baitursynuly in the work of the scientist, teacher T.Shonanuly. The article by T.Shonanuly was written for the 50th anniversary of the outstanding scientist A.Baitursynuly. For a comprehensive disclosure of the historical personality of the hero of the day and a close associate, the author quotes Abai's poems, comparing them with the work of A.Baitursynula. If Abai is the beginning of a new written Kazakh literature, then A.Baitursynuly is a worthy successor of reforms in the literary art, T.Shonanuly concludes. The work was conceived as a separate study. However, it was not completed as planned.

Алаш білімпазы Телжан Шонанұлының ғылыми-зерттеу мұрасында, танымдық еңбектерінде Абай есімі жиі аталып, өлеңінен мысал мол келтірілген. Зерттеуші ұлы ақын туындыларын бірнеше еңбегінде пайдаланған. Ғылыми-танымдық сипатта жазылған сондай көлемді мақаласының бірі – «Ахмет Байтұрсынұлы – халық ағарту және әдебиет саласында» атты еңбегі [1, 305-315 бб.].

Мақалаға берілген қысқаша түсініктемеде былай деп жазылған: «Оқырман назарына ұсынылып отырған мақала 1923 жылы Ахмет Байтұрсыновтың 50 жасқа толған мүшелтойына арнап жеке кітап ретінде шығару мақсатымен орыс тілінде жазылған. Бірақ жарық көрмеген. Мақала қолжазбадан аударылып беріліп отыр. Қолжазбаны Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық архивінің № 544 қорынан алып, жариялауға дайындаған – Бейсенбай Байғалиев» [1, 305 б.]. Біз бұл еңбекті Т.Шонанұлының 2013 жылы «Ел-Шежіре» баспасынан жарық көрген шығармалар жинағынан алып пайдаландық. Мақала А.Байтұрсынұлының 2013 жылы жарық көрген алты томдық шығармалар жинағына да енген [2, 131-144 бб.].

Көрнекті ғалым, ақын, ағартушы, көсемсөзші, қайраткер, Алаш қозғалысының рухани көсемі А.Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойы кезінде жазылып, жеке кітап күйінде басылып шығуға тиіс еңбекті танымдық сипаттағы зерттеу деп тани аламыз. Жеке жинақ ретінде жазуды мақсат еткен Т.Шонанұлы еңбегінен зерттеушілік сипаттағы ғылыми дүниені аңғарамыз. Мақалада А.Байтұрсынұлының қазақ ұлтын оятудағы қажырлы еңбегі, жанкешті қайраткерлігі, ғылыми және шығармашылық қызметі баяндалған. А.Байтұрсынұлының қазақ ұлтына атқарған елеулі қызметін ескергенде, алдымен екі маңызды еңбегін айтуға тиіспіз дейді автор. XX ғасырдың басында мәдениетті жұрттарға бір табан жақын, оқыған азаматы мол, қалалық мәдениеті қалыптасқан, баспасы орныққан татар халқының тілі түркі тұқымынан шыққан қалған қауымға, соның ішінде қазаққа да ортақ әдеби тіл ретінде ұсынылғанын, бұл жағдайды татарлардың өзі қуаттағанын жасырмайды. А.Байтұрсынұлы болса, қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ол тілде де әдеби, ғылыми, публицистикалық еңбек жазылады. Қазақ тілі ұлт тілі деңгейіне көтеріледі, қазақтарды төңірегіне топтастыруға мүмкіндігі бар деп күресті дейді зерттеуші.

Қазақ халқының оқу-ағарту ісіне Ахмет Байтұрсынұлындай еңбек сіңірген ешкім болмағанын атаған автор қазақ даласында қаптаған дүмше молдалардың, келімсек оқымыстылардың ескі тәртіппен білім беріп, тілдің болашағына балта шапқанын айтады. Осындай күрделі шақта А.Байтұрсынұлы қазақ тіліне реформа жасап, жәдитше оқу тәртібін, жаңаша әдістемені сіңіргенін, мәдениетті халықтардың жолымен ағартушылық мазмұндағы оқу құралдарын жазғанын ескереді. Қазақ қоғамында қордаланған саяси-әлеуметтік жағдайдың суретін беру үшін Т.Шонанұлы зерттеуінде Абай өлеңінен мысал келтіріп, ойын көркем дәйектеген.

«Қалай ұмытайық, бәрі де біздің есімізде. Сорымыздың зоры ана тілімізді оқып, білім алудың тұтқасы дүмше молдалардың, қашқындар мен Хиуадан, Қарақалпақтан, Бұхарадан, Түркістаннан, Қазаннан, Сейітшілдер тобымен Стерлитамақтан ақ шалмадан басқа түгі жоқ келімсек оқымыстысымақтардың, шәкірт тәрбиелеудің қарапайым жөн-жосығын да білмейтіндердің тізгінінде кеткен еді» [1, 306 б.], – деп жазады автор. «Білім алудың тұтқасы» дегенінен заманға лайық білім беру жолын, әдіс-тәсілін меңгермеген молдаларға, дін атын жамылған шала оқымыстыларға қарсы А.Байтұрсынұлы қажырлы күрес жүргізгенін түсінеміз. Осы тұста ойын дәйектеу үшін Т.Шонанұлы Абайды еске алып, ақынның «Көзінен басқа ойы жоқ» деп басталатын өлеңін мысалға келтіреді:

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Малқұмар көңілі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі? [1, 306-307 бб.].

Абайдың 1909 жылғы алғашқы өлеңдер жинағына енген бұл туындысы надандықты сынауға, шала молдаларды әжуалауға арналған [3, 299 б.]. Кемел ақын көтерген ағартушылық сипаттағы әлеуметтік мәселенің өзектілігі алаш кезеңінде азаймағанын, қайта өршелене түскенін А.Байтұрсынұлының қызметінен, соны байқаған Т.Шонанұлы зерттеуінен түсінеміз. «Жан баққан, мал аңдыған молдада не қасиет болсын. Қасиетті жазуды бұрын оқуға ақ шалманың өзі де тоқтау сала алмады. Молданың айтқанын істеме, істегенін істе деген... дүниекоңыздық, байлыққа құмарлық оларды да аздырып біткен-ді. Олжаға таласқан

күзғыннан не айырмасы бар?» [1, 307 б.], – деп Абай өлеңіндегі ойды тарқатады Т.Шонанұлы. Ұлы ақын малқұмар, көңілі соқыр, кітапты теріс оқыған молданың тірлігін жемтігін жеген бүркіттен кем көрмесе, Т.Шонанұлы оны олжаға таласқан күзғындай деп сипаттайды. Дүмше молдалар қазақ баласын ескі тәртіппен, қадым жолымен жабайы түрде оқытып, санасын улап жатқанын білген А.Байтұрсынұлы тілге реформа жасауды түсінеді де, төте жазуды, жаңаша оқу үлгісін ұсынады. Сол үлгі бойынша оқу құралдарын жарыққа шығарады.

Абай жаратушы Алланың сипатын, дін мен ғылымның байланысын, адам өміріндегі имандылықтың қасиетін терең талдаған «Отыз сегізінші қара сөзінде» өз заманының надан молдаларын былайша сынайды: «Бұл заманның молдалары хақим атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бәлкі бұзық фиғыл, әл-инсан ғадду ләма жәһилгә хисап. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады «һай-һой!» менен, мақтанменен қауымды адастырып бітіреді» [4, 203-204 бб.].

А.Байтұрсынұлының бойынан жәдитшіл ғалымдығымен бірге жаңашыл ақындығын анық байқаған Т.Шонанұлы тағы да Абайдың пікірін мысалға алады. Ұлттың жазба әдебиеті әлі жас, буыны бекімеген. Заман перзенті саналған ақын өзі өмір сүрген кезеңнің шындығын, уақыт толғанысын, ел тағдырын айтуға міндетті. Осы жағын ескергенде, А.Байтұрсынұлы – өз дәуірінің шындығын суреттеген сергек ақын деп атайды зерттеуші. Абай – жаңа жазба әдебиеттің бастауында тұрған тұлға, А.Байтұрсынұлы – оның ізбасары, көркем жолын жалғастырушы қазақ әдебиетіндегі ардақты есім екендігін зерттеуші былай түсіндіреді: «Халық Абаймен танысқаннан кейін:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Оның ескі ақындар өлеңіне деген:

Ақындары ақылсыз надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап, –

деген уытты сынынан соң, «Күны түскен кешегі өлеңнің уақыты келмекке кеткен. Бұған біздің әдебиет тарихымыз да куәгер. Абайдан бастап әдебиетімізде жаңа бағыт пайда болды. Егер біз Абайды сол бағыттың кірпішін қалап, жаңа әдеби құрылысқа сілтеме жасады десек, Ахмет Байтұрсынов іргетасын салып, қабырғасын көтерді. Ендігі әрлеп-сырлауы, әшекейлі күмбезі – болашақ ақындардың ісі» [1, 311-312 бб.].

А.Байтұрсынұлының ақындық қуатына баға беру үшін алаш зерттеушісі Абайдың сөзін пайдаланған. Ұлы ақынның «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» және «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты туындыларынан мысал келтірген. Жуковский, Белинский, Пушкин, Лермонтов, Крылов сынды орыстың озық ойлы оқымыстыларының есімімен бірге Абай атын да қатар атап, ғибратты ойларынан, көркем өлеңдерінен мысал алған Т.Шонанұлы алаш ардақтысы А.Байтұрсынұлының қайраткерлік жолын, ғылыми-шығармашылық мұрасын жан-жақты ашуға ұмтылған.

Т.Шонанұлының танымдық сипаттағы зерттеулерінде Абай тұлғасына берілген баға біркелкі болмағанын байқаймыз. Алашорда оқу комиссиясының мүшесі болған, А.Байтұрсынұлымен бірге оқулық жазған, алаш қозғалысын қолдаған, кеңестік кезеңде руханият саласында алаш идеясын жалғаса Т.Шонанұлы отызыншы жылдардағы тұрпайы социологизм тұсындағы тарихқа таптық тұрғыдан баға берілген кезде, Абай есімін сынаушылар шыққан уақытта ұлы ақынның шығармаларында ескілік, «ескі теңеулер» барын айтып қалады. 1936 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 5 маусымдағы санында

жарияланған «Сәкеннің тілі туралы» атты ғылыми-танымдық мақаласында автор С.Сейфуллиннің 20 жылдық шығармашылық жолына шолу жасап, ақын тілінің зерттелмегенін ескереді. «Социалды құрылысты сырттан жамандап шәуілдеуші тап дұшпанын ақын: «сұқ күшіктің үргенімен тең көрем» дейді...» [1, 317 б.] сынды тіркесінде зерттеуші тап дұшпанын әшкерелейді, кеңестік шындықты мойындаған болады. «Кейбіреулер Сәкен Абайдың үлгісін ұстап қалған ақын, ескі теңеулерді қолданады дегісі келетін сияқты» [1, 317 б.], – деп, Сәкеннің Абайдан үлгі көргенін, Абай тілін білгенін, Абайдың мектебін меңгергенін сынағандай сипатта жазады. Бұлайша жазудың себебін біз Абай мұрасына, ескі әдебиетке деген көзқарас мүлде біржақты болған уақыт салқынынан деп түсінеміз. «Сәкеннің халық әдебиетін жетік білуіне, Абайды жақсы білуіне, Абай түгіл Шортанбай, Бұқар, Орынбай, Шөже, Жанақ сияқты халық ақындары мен Ақмолда, Алтынсары, Ахаң тәрізді ақындарды да толық білуіне, қысқасы, әдебиет мұрамыздың алпыс екі саласын аралап, електен өткізіп, ішінен керегін ала білуіне таласу қиын» [1, 317 б.], – деп, Сәкеннің Абай сөзін де, халық әдебиетін де терең меңгергенін атайды. Осылайша, алаш арысы А.Байтұрсынұлының айдаудан аз уақытқа елге оралған кезінде жазылған мақалада есімін көп арасында атап өтеді. Сәкеннің Ахаңа деген ықыласын, алаш ардақтысының өлеңін де оқып-тоқығанын білетінін Т.Шонанұлы мол әдеби мұрадан өзіне керегін алады деп ақтайды. Яғни, автор Абай сөзін жоққа шығармайды, оның жаңа социалистік, таптық әдебиетке керегі бар деп түсінеді.

Ал Абайдың Жаратушы Алланы хақ ретінде мойындағанын айта алмаған уақытта жазған мақаласында автор ұлы ақын тілінде араб-парсы сөздер болғанын, оларды Сәкен қолданса, ескі заманның, ескі тұрмыстың суретін көрсету мақсатында бергенін жазған. «Оқта-текте Сәкен араб-парсы сөздерін қыстырып қояды. Бірақ оларды ұлтшылдар, молдалар, иә Абай ұстаған мағынасында емес, басқа мақсатпен ұстайды» [1, 319 б.], – дегенінен Абайдың тіліндегі араб-парсы сөздердің қолданылу мақсатын заман шындығына қарай түсінгенін білеміз. Абайды ұлтшылдармен, молдалармен бір қатарға қойып көрсетуінен автордың дін сынды нәзік мәселе туралы заман қысымына орай субъективті ойын аңғарамыз.

Автор халық әдебиетінде көп кездесетін аллитерация, ассонанс сынды көркемдік тәсілдер Сәкенде аз. Оларды Ілияс пен Сәкен еңбекшілердің түсінігіне ыңғайлап оңтайлы қолданады. Ал ұлтшыл ақын Мағжан бұл жағынан сылдыр дыбыс қуалап кетті, символистердің ізін жалғады, еңбекшілерді алжастырды деп жазады. Т.Шонанұлының айдаудан аз күнге елге оралып жатқан Мағжанды Ілияс, Сәкендермен салыстырып сынағанынан күрделі заман шындығын аңғарамыз. Байқасақ, бір жылдан кейін ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы да, Ілияс, Сәкен, Мағжан да, мақала авторы Телжан Шонанұлы да «халық жауы» ретінде тұтқындалып, ату жазасына кесілді.

Әдебиеттер тізімі

1. Шонанұлы Телжан. Үш томдық шығармалар жинағы. *Шығармалары. Т. Шонанұлы туралы материалдар / Жауапты шығарушылар: М.Мырзағұл, Б.Мырзабай (құрастырушы). Түсініктерін жазған – филология ғылымдарының докторы О.Жұбаева. – Алматы: Ел-шежіре, - 2013. Т.3: – 384 б.*
2. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. Құрастырып, баспаға дайындаған, жауапты шығарушы – Имахамбет Р.С. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. VI: – 384 б.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 1995. – 336 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар; поэмалар; қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1995. – 384 б.